

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің 2013 - 2017 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 442 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 112 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.03.2015 № 112 қаулысымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің 2013 – 2017 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>С. Ахметов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2013 жылғы	30 сәуірдегі
№ 442 қаулысымен	
бекітілген	

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің 2013 – 2017 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Ескерту. Стратегиялық жоспар жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1563 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

1-бөлім. Миссиясы және пайымы

Миссиясы. Өңірлерді серпінді дамыту арқылы ел халқының тыныс-тіршілігі үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Пайымы. 2030 жылға қарай нақты жалпы өңірлік өнімнің (бұдан әрі – ЖӨӨ) өсімін, ЖІӨ-де шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) өнімін шығаруды екі

есе ұлғайту, сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметі саласындағы және тұрғын үй-коммуналдық саладағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру, заманауи жағдайларда құрылыс өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сапасын арттыру, Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалану және экономиканың әртүрлі салаларының жергілікті жердің және топонимиканың заманауи жағдайына сәйкес келетін геодезиялық және картографиялық өнімдерге қажеттілігін қанағаттандыру, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау.

2-бөлім. Тиісті қызмет салаларының (аяларының) ағымдағы жағдайын және даму үрдістерін талдау

1. 1-стратегиялық бағыт. Өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамыту және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау

1) Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі параметрлері.


Өңірлерді дамыту

Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.05.2014 № 576 қаулысымен.

Экономиканың дамуына әсер етудің маңызды тетіктерінің бірі мемлекеттің тиімді өңірлік саясаты болып табылады.

Қазіргі уақытта өңірлердің арасында жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша айтарлықтай айырмашылықтар бар. Осылайша, 2012 жылдың қорытындылары бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ 635,5 мың теңгені құраса, Атырау облысында 5655,4 мың теңгені құрады, яғни айырмашылық 9 есеге дейін жетеді.

Халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың теңге



Ақпарат көзі: ҚР СҰ, 2012 жылғы өседел деректер

2011 жылы Мемлекет басшысының 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен мемлекеттің өңірлік саясатының «доктринасы» болып табылатын Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы (бұдан әрі – Болжамды схема) қабылданды, онда аумақтық (өңірлік) дамудың түйінді мәселелері бойынша мемлекеттің міндеттері баяндалған. Болжамды схеманы іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдар бес жылдық кезеңге арналған аумақтарды дамыту бағдарламаларын қабылдады.

Сонымен бірге, өңірлік даму саласындағы барлық салалық бағдарламаларды бірыңғай бағдарламаға біріктіру мәселесі пысықталуда.

2012 жылы әлеуметтік-экономикалық дамыту әлеуеті жоғары және орташа ауылдық елді мекендерде әлеуметтік сала объектілері мен инженерлік инфрақұрылымды абаттандыру, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу жөніндегі 502 жоба іске асырылды.

Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жүргізілген мониторинг қорытындылары бойынша даму әлеуеті жоғары АЕМ саны 1310 бірлікті, орташа даму әлеуеті бар АЕМ 5192 бірлікті, даму әлеуеті төмен АЕМ 409 бірлікті құрады.

Бүгінгі күні Қазақстанның 14 облысының 12 өңірі шекара маңында орналасқан және ел аумағының үлкен бөлігін алып отыр. Бұл ретте Мемлекеттік шекараның жалпы ұзақтығы шамамен 13,2 мың км құрайды (Каспий теңізіндегі шекараларды есепке алмағанда). Қазақстанның шекара маңындағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) және Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК)

елдерімен шекаралас облыстардың ауылдық аудандары тұрғындарының өмір сүру деңгейінде іргелес елдердің дәл осындай аудандарының даму деңгейінен аз ғана айырмашылығы бар.

Сонымен бірге, шекара маңы аумақтарын дамыту жөніндегі шаралар облыстардың аумақтарын дамыту бағдарламаларында көзделетін болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту, экономикалық өркендеу, әлеуметтік әл-ауқат және азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы бекітілді.

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы – мемлекет және азаматтық қоғам институттарының дамуымен, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы деңгейімен, жергілікті тұрғындардың өміріне тікелей әсер ететін басқа да факторлар мен шарттарға байланысты көп кезеңді және серпінді процесс.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 наурыздағы агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі республикалық кеңесте берген ауылдық жерге жұмыс істеу және тұру үшін келетін әлеуметтік саланың және ветеринария мамандарын ынтыландыру туралы тапсырмасын орындау үшін 2009 жылдан бастап 2012 жылға дейін «Дипломмен ауылға» жобасының шеңберінде 28903 маманға әлеуметтік көмек шаралары көрсетілді, оның ішінде 9503 маманға жалпы сомасы 21,2 млрд. теңгеге бюджеттік кредиттер берілді.

«Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің қабылданған 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығының міндеті мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру болып табылады.

Осыған байланысты, өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру бойынша 16 жергілікті атқарушы орган қызметінің тиімділігін жыл сайын бағалау бойынша жұмыс жүйелі негізде жалғастырылуда.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау

Әлеуметтік-экономикалық ерекшелік жеке кәсіпкерліктің маңызды рөлін айқындайды. ШОБ – бұл еліміздің даму көрсеткіштерін қалыптастыратын негізгі секторлардың бірі.

Қазіргі уақытта шағын бизнесте ЕО елдерінде жалпы жұмыспен қамтылған халықтың шамамен 50 %-ы, АҚШ-та 53 %-ы, Жапонияда – 72 %-ы, ал Қазақстанда жұмыспен қамтылған халықтың 30 %-ы ШОБ-та жұмыспен қамтылған.

2012 жылдың қорытындылары бойынша ШОБ өнім шығаруының өсуі 103,3

% - д ы

қ ұ р а д ы .

Жолдау бағыттарының бірі «Ұлттық экономиканың жетекші күші – кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау» болып табылады. Аталған тапсырмалардың шеңберінде ШОБ-ты қолдау және бірлесу мен кооперацияға ұмтылуға ынталандыру жүйесін құру, жергілікті бизнес бастамаларын көтермелеу арқылы ішкі нарықты дамыту, бизнесті дамытуға бөгет жасайтын шенеуніктер үшін қатаң жауапкершілік жүйесін енгізу, ұсақ кәсіпорындар мен дара кәсіпкерлердің белсенді өсуі және орта бизнес санатына өтуі үшін жағдайлар мен алғышарттар жасау жөнінде кешенді шаралар қабылданатын болады.

Осы саясатты іске асыру үшін бизнес жүргізу үшін шарттарды жақсарту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Бизнесті жүргізу шарттарын айтарлықтай жеңілдету Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісіндегі Қазақстан позициясының жақсаруымен расталады, онда Қазақстан өзінің көрсеткіштерін 7 тармаққа жақсартып, 2013 жылы Бразилия, Ресей, Үндістан мен Қытай және Шығыс Еуропа елдерінің алдына шығып, әлемнің жетекші 50 елінің тобында (50-орын) орнықты.

2012 жылы бизнеске арналған рұқсат беретін құжаттардың жалпы санын кезең-кезеңмен 30 %-ға қысқарту жүзеге асырылды, заңды тұлғаларды және жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу рәсімдері айтарлықтай жеңілдетілді.

2012 жылы рұқсат беру жүйесін одан әрі ретке келтіру мақсатында Рұқсат беру жүйесін одан әрі реформалаудың 2012 – 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Лицензиялық рұқсат беру жүйесін реформалау барлық рұқсаттарды беруді электрондық форматқа ауыстырумен қоса сүйемелденуде.

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық лицензияларды беру электрондық лицензия беру жүйесі арқылы жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Кәсіпкерлік қызметті 2020 дейін мемлекеттік реттеу тұжырымдамасын қабылдады. Осы Тұжырымдама оны енгізудің мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін арзан, бірақ тиімді мемлекеттік реттеуді құруға бағытталған.


Тұжырымдамада кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органды институционалдық күшейту, реттеудің реттеуіш әсерін талдау рәсімдерін Үкіметтің норма шығару практикасына енгізу, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жұртшылық талқылау және бизнес үшін басым мемлекеттік саясаттың жекелеген бағыттары бойынша реформалар жүргізу көзделіп отыр.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асырудан елеулі әлеуметтік-экономикалық әсер алынды, өйткені 170 мыңнан астам қолданыстағы жұмыс орны сақталып, қосымша 58 мыңға жуық жаңа жұмыс орындары құрылды.

2012 жылы Бағдарлама жобаларды қарау рәсімдерін оңайлату және қаржылық қолдау алу мерзімдерін қысқарту, кредиттерге кепілдік берудің және лизингілік мәмілелерді субсидиялаудың жаңа жүйесін енгізу, өз ісін жаңа бастаған, жаңа бизнес-идеяларды іске асыратын кәсіпкерлерге гранттар беру бөлігінде бірнеше рет жетілдірілді. Бүгінгі күні Бағдарламаны іске асыру сәтінен бастап жобалардың 2,5 есеге артуы байқалып отыр. Мемлекеттің грант көмегін ұсынуы бойынша нысаналы топ кеңейтілді.

2) Негізгі проблемаларды талдау Өңірлерді дамыту саласында

Халықты ұзақ мерзімді жоғары өнімді жұмыспен қамтамасыз етпеу салдарларынан туындайтын және соның салдарларынан аз дамыған (депрессивті) аграрлық өңірлерден моносалалы (шикізаттық) экономикасы бар өңірлерге бақылаусыз көші-қонды туындайтын өңірлік дамудағы әлеуметтік теңгерімсіздіктер (мүмкіндіктердің теңсіздігі) өңірлерді теңгерімді дамыту жөніндегі негізгі проблемалар болып табылады.



Экономикалық өсу орталықтарын (қалалық агломерацияларды) стихиялық қалыптастыру кезінде елде «жалған урбанизация» нысанындағы елді мекендердің пайда болу қаупі орын алады, бұл әлеуметтік шиеленістің қосымша ошақтарының пайда болуына әкелуі мүмкін.


Республиканың шағын қалаларына экономиканы әртараптандырудың төмен дәрежесі, қалалар бюджеттерінің субвенциялар мен бюджеттік трансферттерге жоғары тәуелділігі, халық табысының төмен деңгейі, өмір сапасының төмен болуы, халықтың көшіп кетуі, әлеуметтік шиеленістің мүмкін өсу үрдісі тән.

Өңірлік даму проблемаларына сондай-ақ мыналарды жатқызған жөн:

- 1) арзан әлеуметтік және жалға берілетін тұрғын үйлер нарығының болмауы;
- 2) ауылдық жерлерде әлеуметтік сала және ветеринария мамандарының

жетіспеушілігі. Жергілікті атқарушы органдардың деректеріне сәйкес ауылдық жерлерде әлеуметтік сала және ветеринария мамандарына қажеттілігі 17688 адамды құрайды.

2012 жылғы жергілікті бюджет табысының құрамы



Қазіргі уақытта республикалық бюджеттен өңірлерге нысаналы трансферттер есебінен тек ірі объектілер ғана емес, жергілікті маңызы бар (балабақшалар, ауылдық дәрігерлік амбулаториялар және т.б.) инвестициялық жобалар да қаржыландырылады.

Кәсіпкерлікті дамыту саласында.

Көптеген елдердегідей Қазақстанда да даму деңгейіне қарамастан экономикалық қызметті шамадан тыс реттеу проблемасы бар. Кәсіпкерлер бизнесті бастаған және жүргізген кезде олардан өтуге тиіс күрделі және ашық емес рәсімдер экономикалық өсуге айтарлықтай кедергі болып табылады. Бұл рәсімдер өндіріс шығындары мен кәсіпкерлердің де шығындарын арттырады, олардың нарыққа қол жеткізуін шектейді, бизнестің дамуын тежейді, бизнес-ортаны нашарлатады және жемқорлыққа ықпал етеді. Әкімшілік кедергілер экономиканың көлеңкелі секторының пайда болу себептерінің бірі болып табылады.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мемлекеттік органдар орындамайды, тәуекелдерді басқару жүйелері формалды түрде іске асырылады, бақылау-қадағалау қызметінің тиімділігі анықталған бұзушылықтардың көлемі мен олар бойынша қабылданған шаралар бойынша бағаланады. Осының салдарларынан бизнеске қатысты бақылау мен қадағалау бақыланатын салаларды нақты жақсартуға әкелмейді, ал бизнеске артық қысым жасалады.

Бұдан басқа, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы негізгі проблемалар сондай-ақ мыналар болып табылады:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің, әсіресе өз ісін жаңа бастаған және ауылдық кәсіпкерлердің қаржыландыруға жеткіліксіз қолжетімділігі мен қарызға алудың жоғары құны, оның ішінде ағымдағы өтімді кепіл мүлкінің жетіспеушілігі;

2) өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту үшін индустриялық және қолдаушы инфрақұрылымның дамымағаны;

3) жергілікті жерде, әсіресе ауылдық жерлерде кәсіпкерлік белсенді халық біліктілігінің төмен деңгейі;

4) кәсіпкерлікті дамыту бойынша мемлекеттік қолдауы туралы кәсіпкерлерді жеткіліксіз ақпараттандыру.

3) Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау
Өңірлерді дамыту саласында.

Сыртқы факторлар.

Өңірлердің дамуына әсер етуі мүмкін факторлар әлемдік шикізаттың тауарлық биржаларында бағаның төмендеуі, қандай да бір облыс экономикасының бәсекеге қабілетсіздігінің салдарларынан жұмыссыздықтың артуы болып табылады.

Қазақстанның көптеген өңірлерінің экономикалық жағдайы әлемдік шикізаттың тауарлық биржаларындағы бағаларға тікелей байланысты: Қостанай, Қарағанды облыстары – темір рудасы, жентектер, қара металлургия өнімдері; Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстары – түсті металлургия өнімдері; Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары – экономиканың мұнай-газ секторының өнімдері және т.б.

Ішкі факторлар.

Әлемдік, оның ішінде қазақстандық экономиканың қазіргі даму кезеңінде негізгі проблема халықты өнімді жұмыспен қамту болып табылады. Осыған байланысты агломерациялар мен жоғары әлеуеті бар елді мекендерде жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелерін Индустрияландыру картасын, «Өңірлерді дамыту» және «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламаларын іске асыру шеңберінде оларды іске асыру құралдарын жетілдіруді ескере отырып шешу қажет.

Кәсіпкерлікті дамыту саласында.
С ы р т қ ы ф а к т о р л а р .

Кеден одағы елдерінің заңнамасын біріздендіру шеңберінде жаңа рұқсат беру құжаттары мен рәсімдерді енгізуге үнемі бастама жасалады. Мысалға, 2011 жылы Ресей Федерациясының Үкіметі хабарлама тәртібіне ауыстырған қызмет түрлерін Қазақстанда мемлекет мүлдем реттемейді. Қазақстанда хабарлама тәртібіне ауыстырылған қызмет түрлері Ресейде лицензиялауға және басқа рұқсат беру рәсімдерінен өтуге жатады. Осылайша, Қазақстанда әкімшілік кедергілерді азайту бойынша реформалар барысында бұрын күшін жойған артық рұқсаттар қайта қайтарылып, сондай-ақ жаңалары пайда болуда. Бұдан басқа, Кеден одағының шеңберінде жұмыс істеген кезде стандарттарды біріздендіру бойынша жұмыстың жеткіліксіз болуы салдарынан отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттігінің төмендеу қауіпі бар.

Қазақстанның әртүрлі салалардағы (авиациялық қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі инспекциясы, теміржол көлігіндегі бақылау және т.б.) бақылауды жүзеге асыру мәселелерін регламенттейтін халықаралық шарттарға қосылуы көп жағдайда бұл салаларды «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тексеру жүргізудің жалпы тәртібінен шығарады.

І ш к і ф а к т о р л а р .

Мемлекеттік органдардың реттеу өкілеттіктерін кеңейтуге ұмтылуы, мемлекеттік органдардың жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін түсінбеуі, азаматтық қоғам институттарының, оның ішінде бизнес қауымдастықтарының дамымауы, құқықтық мәдениеттің төмен деңгейі және кәсіпкерлік дәстүрдің жоқтығы, жемқорлық және экономиканы монополизациялаудың жоғары деңгейі.

ШОБ дамуына әсер ететін басқа да факторлардың арасында сондай-ақ мыналарды атап өтуге болады:

1) екінші деңгейдегі банктердің кепілді қамтамасыз етуді қабылдаған кезде «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасына қатысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жоғары талап қоюы;

2) кәсіпкерлік саласын, әсіресе ауылдық кәсіпкерлерді және өз ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қаржыландырудың жеткіліксіздігі;

3) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі саласында әкімшілік кедергілердің артуы;

4) облыстың ауылдық аудандарында бизнес жүргізудің, бухгалтерлік және салық есептілігін, маркетингін, менеджменттің, заңгерлік және қаржылық мәселелерін жүргізу және консалтингі жөніндегі орталықтандырылған қызметтерді алудағы кәсіпкерлердің шектеулі мүмкіндіктері.

2. 2-стратегиялық бағыт. Сәулетті, қала құрылысын, құрылысты және тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту

1) Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі параметрлері

Т ұ р ғ ы н ү й құ р ы л ы с ы .

Құрылысты одан әрі дамыту, сондай-ақ қазіргі заманғы жағдайда құрылыс өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру мемлекеттің түйінді экономикалық міндеттері болып табылады.

Құрылыста оны өзге салалардан ерекшелейтін және құрылыс өндірісін ерекше ұйымдастыру нысандары мен басқаруды талап ететін өзіне тән өзгешеліктері бар. Бұл – құрылыс объектілерінің қайталанбауы, құрылыс өнімдерінің стационарлық сипаты, құрылыс процесіне қатысушылардың көптүрлілігі, капиталдың салыстырмалы баяу айналымдылығы және тәуекелдің жоғары деңгейі.

Қабылданған «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасының шеңберінде мынадай қолданыстағы және жаңа негізгі бағыттарды мемлекеттік қолдау көзделген:

1) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан ЖАО жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға арналған тұрғын үй;

2) «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚТҚЖБ) желісі бойынша халықтың барлық санаттары мен жас отбасыларға арналған тұрғын үй;

3) «Қазақстандық ипотекалық компания» акционерлік қоғамының желісі бойынша салынып жатқан тұрғын үй;

4) Қазақстан Республикасындағы жаңғыртудың 2011 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша тұрғын үй қорын жөндеу (қайталама тұрғын үй);

5) авариялық тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі пилоттық жобалардың шеңберіндегі тұрғын үй;

6) жеке тұрғын үй құрылысын дамыту;

7) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу;

8) «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының шеңберінде тұрғын үй салу;

9) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын үй салуы.

2012 жылдың қорытындылары бойынша қаржыландырудың барлық көздері бойынша 6,7 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді (жоспарланған көлемге 111 %). Республикалық бюджет қаражаты есебінен 451,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді (пәтерлердің алаңы 347,5 мың шаршы метр).

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі

Бүгінгі күні сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында 2456 бірлік құжат қолданылады, оның ішінде жобалау мен құрылысқа арналған негіз

қалаушы құжаттар – 679, баға жасау және смета бойынша – 587, стандарттар – 824, басқа құжаттар – 366.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы (бұдан әрі – ТКШ) шамамен 258 нормативтік-техникалық құжаттармен реттеледі.

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің бұйрықтарымен (2011 жылғы 17 мамырдағы № 178, 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 540, 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 793) ұлттық қосымшалары бар, 58-бөлімнен тұратын, Еурокодтармен бірдей, оларды қолдану жөніндегі нұсқаулығы бар 10 Еурокод бекітілді.

Құрылыс өнімінің сметалық құнын қалыптастыру – нарықтың барлық шарттары мен талаптарын көрсетуге тиіс құрылыс кешенінің барлық қатысушылары үшін экономикалық қатынастардың негізгі элементі болып табылады.

Құрылыс өнімінің баға белгілеу жүйесінің негізгі элементі сметалық-нормативтік база болып табылады.

Бюджеттік бағдарламалар шеңберінде 2003 жылы Қазақстанда алғашқы рет 2001 жылғы баға деңгейінде, бюджеттік инвестициялар есебінен құрылыс құнын қалыптастыруға арналған 561 нормативтік-техникалық құжат санында өз сметалық-нормативтік базасы әзірленді. Материалдарға, бұйымдар мен конструкцияларға базалық бағаның негізі ретінде СА деректері қабылданды.

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Беларусь Республикасындағы, Қазақстан Республикасындағы және Ресей Федерациясындағы техникалық реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімнің күшіне енуіне байланысты Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің басты міндеттері бүгінгі күні ұлттық деңгейде қолданылып жүрген құрылыста техникалық реттеу қағидаттарын сақтауды және дамытуды қамтамасыз ету, Қазақстанның құқықтық жүйесінің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, құрылыс нормалары мен ережелері жинақтарына өзекті сипат беру және экономикалық жағынан дамыған елдердің осындай жүйелерімен үйлестіру болып табылады.

Жаңа сметалық-нормативтік базаға көшу мақсатында 2010 жылы – 89, 2011 жылы – 106, 2012 жылы – 86 бірлік норматив әзірленді (қайта өңделді) және оны ғылыми-техникалық кеңес мақұлдап, бекітті.

Аумақты тиімді ұйымдастыру, өндіруші күштерді қоныстандыру және орналастыру жүйесін мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын ескере отырып, аумақтардың мәртебесін, мақсаты мен сипатын белгілеу; Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыру арқылы әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық даму бағдарламалары бойынша өңіраралық және салааралық мемлекеттік мүдделерді үйлестіру үшін еліміздің

басты қала құрылысының құжаты болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын (бұдан әрі – Бас схема) әзірлеу қажет. Бас схема мемлекеттік қала құрылысы саясатының негізгі бағыттарын негіздейтін және анықтайтын, тұрақты қолданылатын және жүйелі жаңартылып тұратын (өзекті сипат берілетін) бағдарламалық ақпараттық-талдамалық құжат б о л ы п т а б ы л а д ы .

Осы жобаны әзірлеу жұмыстары басталды, Бас схеманы әзірлеу үшін тұжырымдамалық тәсілдер әзірленді. Сондай-ақ бастапқы деректерді жинақтау, еліміздің аумақтарының қазіргі уақыттағы жағдайын талдау жүргізілді. Бас схеманы әзірлеу үшін қажетті нормативтік құқықтық және техникалық құжаттар бекітілді. Жинақтау, талдау, үлгі жасау және қала құрылысы дамуын болжау құралдарын біріктіретін Бас схеманың шешімдерін қабылдауды қолдаудың талдау жүйесінің прототипі жасалды. Бас схеманың жобалық кезеңі, ел аумағын ұйымдастыру бойынша жобалық ұсыныстарды әзірлеу жұмыстары басталды. Қазақстан Республикасының орнықты дамуына қол жеткізуге бағытталған Бас схеманың негізгі ережелерін бекіту жоспарланып отыр.

Аумақтық дамудың өңіраралық схемалары Бас схемаға сәйкес әзірленеді, екі немесе одан да көп облыстың (немесе олардың бөліктерінің), сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын есептемегенде әлеуметтік-экономикалық және экологиялық аудандардың аумағында өзара келісілген (шоғырландырылған) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласы ү ш і н қ ы з м е т е т е д і .

Соңғы жылдар ішінде Бас жоспарларды әзірлеуді қамтамасыз ету және бекіту бойынша айтарлықтай жұмыс орындалды. Осылайша, 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Астана, Алматы қалалары және 14 облыс орталығы бас жоспарлармен қ а м т а м а с ы з е т і л д і .

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы кадастрларының мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын және Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерінің шекарасында үш (республикалық, облыстық және базалық) аумақтық деңгейдегі бірыңғай жүйе бойынша жүргізілетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын (бұдан әрі – М Қ К) к ұ р у қ а ж е т .

2012 жылы Бас схеманы әзірлеу бойынша жобалау кезеңінің есебі әзірленді және Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің ҒТК қаулысымен мақұлданды. Сондай-ақ, 2012 жылы «Республикалық деңгейдегі Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» (бұдан әрі – МҚК ААЖ) мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу аяқталды. Республикалық деңгейдегі МҚК деректер базасы әзірленді және уәкілетті

органдармен келісілді. «Мекенжай тіркелімі» ААЖ және Жеке және заңды тұлғалардың деректер базасымен ақпараттық өзара іс-қимыл әзірленді. Республикалық деңгейдегі МҚК ААЖ әзірлеу бойынша жұмыс ҒТК 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 12-3 қаулысымен мақұлданды және Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 626 бұйрығымен бекітілді.

ТКШ-ты жаңғырту және дамыту
Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.05.2014 № 576 қаулысымен.

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қала халқының орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділігі 84 % құрайды.

2011 жылы СА деректері бойынша қалалардағы су құбыры желілерінің жалпы ұзақтығы республика бойынша 29,9 мың км құрайды.

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қала халқының орталықтандырылған су бұруға қолжетімділігі 75 % құрайды.

39 қала мен кентте тазалау құрылыстары мүлдем жоқ, тиісінше ағынды судың төгіндісі тазалаусыз жүзеге асырылады.

Орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділік ауылдық елді мекендерде 43 %-ды, су бұруға 9 %-ды құрайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 1158 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 сәуірдегі № 473 қаулысымен бекітілген жаңа Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қабылданған, оның мақсаты халықтың тұруына қолайлы жағдайды қамтамасыз ету және коммуналдық инфрақұрылымның күйін жақсарту болып табылады.

ТКШ саласы өзара байланысты екі негізгі элементтен тұрады:

1) коммуналдық қызметтердің негізгі тұтынушылары болып табылатын көп пәтерлі тұрғын үйлерді (бұдан әрі – КПТҮ) және жеке үй құрылыстарын қамтитын тұрғын үй секторы;

2) жылумен, газбен және электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін желілер мен құрылыстарды (жүйелерді) қамтитын коммуналдық сектор.

СА деректері бойынша 2011 жылы республиканың тұрғын үй секторының жалпы алаңы 283,9 млн. шаршы метр құрады, оның 273,6 млн. шаршы метрі немесе 96,4 % тұрғын үй жеке меншікке тиесілі.

ЖАО деректері бойынша 2012 жылы КПТҮ-ге жататын тұрғын үй қорының 44,1 млн. шаршы метрі немесе 28 %-ы жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуді қажет етеді.

Ж ы л у м е н ж а б д ы қ т а у .

СА деректері бойынша 2011 жылы екі құбырлық деп есептегенде жылу желілерінің жалпы ұзақтығы 12,2 мың км құрайды. Бұл ретте желілердің жалпы ұзақтығының 63 %-ы ауыстыруды және жөндеуді талап етеді.


Э л е к т р м е н ж а б д ы қ т а у .

Республика бойынша 0,4 кВ электр желілерінің жалпы ұзындығы 133,6 мың км құрайды, 73 %-ы жөндеуді талап етеді.

Г а з б е н ж а б д ы қ т а у .

Газ желілерінің жалпы ұзақтығы жалпы республика бойынша 20,2 мың км құрайды. Бұл ретте желілердің жалпы ұзақтығынан 4 %-ы ауыстыруды және жөндеуді қажет етеді.

Тұрғын үй қорын жайластыру, %



Ақпарат көзі: ҚР СА, 2011 ж.

Ескертпе: Сұмалқ қалталасызатудің, көріздің, орталық асытудың, ыстық судың және газдың болуы

2) Негізгі проблемаларды талдау

Т ұ р ғ ы н ү й қ ұ р ы л ы с ы :

- 1) ұсынысқа қарағанда тұрғын үйге сұраныстың алға шығуы мен артуы;
- 2) үлестік құрылыстағы қолданыстағы заңнаманың жетілмегендігі;
- 3) жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй құрылысында бюджеттік қаражатты тиімді игермеуі.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі.

Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциясы жолындағы елеулі кедергілерінің бірі нормативтік базаны, бақылау және қадағалау жүйесін, сондай-ақ сәйкестікті бағалауды қамтитын құрылыс саласын техникалық реттеудің ескірген және тиімсіз жүйесі болып табылады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының құрылыс саласын техникалық реттеудің бүкіл жүйесін түбегейлі қайта қарау қажет.

ТКШ саласының қолданыстағы нормативтік базасы 1970 – 1990 жылдары

әзірленген және коммуналдық сала объектілерін пайдалану мен басқарудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келмейді, сондай-ақ коммуналдық қызмет көрсету нарығына барлық қатысушылардың құқықтық қатынастарын нашар р е т т е й д і .

Қазақстанның сейсмикалық аудандары алаңдары бойынша 475 мың шаршы км алып жатыр, бұл республиканың жалпы алаңының 18 %-ын құрайды. Сейсмикалық аудандарда тұратын халық саны 6000 мың адамға жуық немесе Қазақстан халқының жалпы санының 38 %-ын құрайды.

Лицензиардың функцияларын республикалық деңгейден облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың деңгейіне беру лицензиялау жүйесінде бірыңғай саясаттың болмауына әкеп соқты. Жекелеген өңірлерде лицензиялау жүйесі арқылы құрылыс саласына біліктілігі жоқ әрі міндетін адал орындамайтын жобалау және құрылыс ұйымдары тартылып жатыр.

ТКШ-ты жаңғырту және дамыту.

Тұрғын үй секторының проблемалары:

- 1) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері тарапынан кондоминиум объектілерін басқаруды қоғамдық бақылау жүйесінің дамымауы;
- 2) тұрғын үйді ұстауға және күрделі жөндеуге арналған төлемдердің жинақталу деңгейінің төмендігі;
- 3) тұрғын үйлерді жаппай жөндеу және оларды пайдалану сипаттамаларын арттыру қажеттілігі;
- 4) КҚТҮ күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу жөнінде халық арасында жүргізілетін түсіндіру жұмыстарының жетіспеушілігі;
- 5) ортақ мүлікті күрделі жөндеуге ақшалай қаражатты жинақтау практикасының әлсіздігі.

Коммуналдық инфрақұрылымның негізгі проблемалары:

- 1) су құбыры желілерінің қанағаттанарлықсыз күйі (пайдаланудың 25 жыл нормативтік мерзімін негізге ала отырып, сумен жабдықтау желілерінің 36 %-ы жұмыс қалпында, ал 64 %-ы күрделі жөндеуді немесе оларды толық ауыстыруды талап етеді);
- 2) су бұру желілерінің авариялық деңгейінің жоғары деңгейі;
- 3) ауыз суды пайдаланатын ауыл халқының аз саны;
- 4) инженерлік желілер мен құрылғылар тозуының жоғары деңгейі;
- 5) ресурстарды тұтынуды есептеу құралдарымен қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі;
- 6) саланың технологиялық жағынан артта қалуы, оның ішінде инновациялық энергия мен ресурс үнемдеу технологиялары мен іс-шараларын қолданудың әлсіз практикасы;
- 7) желілер мен құрылғыларды реконструкциялау жөніндегі жобаларды

бюджеттен тыс көздерден қаржыландырудың жеткіліксіз көлемі.

Қолданыстағы кейбір электр желілерінің пайдалану мерзімі 40 жылдан асып кеткен. Тозудың жоғары деңгейі электр энергиясын берген кезде оның ысырабын арттырады.

Негізгі қорлардың тозуынан өзге нормадан жоғары шығындар есеп алудың тиімсіздігінен болатын коммерциялық шығындарға байланысты.

3) Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Тұрғын үй құрылысы

Құрылыс саласына әсер ететін сыртқы факторлар әлемдік қаржылық дағдарыстың қайталануы болып табылуы мүмкін, оның салдарлары құрылысқа инвестициялардың төмендеуі болып табылады. Бұдан басқа, әлемдік нарықта құрылыс материалдарына бағалардың өсуі тұрғын үй құрылысының қымбаттауына әкеп соғады.

Тұрғын үй құрылысына әсер ететін ішкі факторлар мердігерлік ұйымдардың өз міндеттерін сақтауы және тұрғын үй объектілерін салуға бюджеттен қаржылық қаражатты уақтылы бөлу болып табылады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі

Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы нормативтік базаның техникалық деңгейіне әсерін тигізетін негізгі сыртқы факторлар ғылымның, техниканың және технологиялардың дамуы болып табылады, олар құрылыс өндірісінің жаңа құрылыс материалдары мен бұйымдарының, әдістері мен технологияларының және озық жобалық шешімдердің пайда болуына себеп болады.

Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы нормативтік базаның техникалық деңгейіне әсерін тигізетін негізгі ішкі факторлар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, сәулет, қала құрылысы, құрылыс және ТКШ саласындағы іргетасты және қолданбалы зерттеулер болып табылады, олар адам тіршілігінің жайлы және қауіпсіз ортасын құруға мүмкіндік беретін, ғылымды көп қажет ететін технологиялардың көзі болып табылады.

ТКШ-ты жаңғырту және дамыту

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытуға әсер ететін ішкі факторлар КҚТҮ-ге жөндеу жүргізу үшін 2/3 пәтер иелерінің шешімі, жөндеуге жұмсалатын шығындардың сметасын, әрбір пәтерге жұмсалатын шығыстардың мөлшерін, ай сайынғы жинақтар мөлшерін, мердігерлік ұйымды таңдауды жалпы жиналыста міндетті бекіту, көп пәтерлі тұрғын үйлерді жөндеу кезінде ақшалай қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ бұрын басталған сумен, жылумен, газбен және электрмен жабдықтау жөніндегі инвестициялық жобалар бойынша ұсынылған қаражатты толық алмау тәуекелі, құрылыс-монтаждау жұмыстарының мерзімдерін ұзарту болуы мүмкін.

3. 3-стратегиялық бағыт. Жер ресурстарын пайдалану мен геодезия және картография саласын дамыту.

1) Реттелетін саланы дамытудың, жерді ұтымды пайдаланудың, геодезия және картография салаларын дамыту күйінің негізгі параметрлері.

Қазақстан Республикасының аумағы 272,5 млн. гектар құрайды және мақсатты пайдаланылуына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 93,4 млн. га (республикалық жер қорының 34,3 %-ы); елді мекендердің жерлері – 23,8 млн. га (8,7 %); өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметінің қажеттілігіне арналған, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және басқа да ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер – 13,9 млн. га (5,1 %, оның ішінде 11,3 млн. га Қазақстан аумағындағы жалдау шартымен Ресей Федерациясы пайдаланатын сынақ полигондары мен Байқоңыр ғарыш айлағының жерлері); ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер – 5,8 млн. га (2,1 %); орман қорының жерлері – 23 млн. га (8,5 %); су қоры жерлері – 4,1 млн. га (1,5 %) және босалқы жерлер – 108,4 млн. га (39,8 %). Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылымының жүйесіне 14 облыс, 2 республикалық маңызы бар қала, 161 әкімшілік аудан, 223 қала мен кент, сондай-ақ 6936 АЕМ кіреді (1.01.2013 ж. жағдай бойынша).

Қазақстанның құрлықтағы Мемлекеттік шекарасының ұзақтығы 13,4 мың км, оның ішінде: Ресей Федерациясымен – 7548 км, Өзбекстан Республикасымен – 2351 км, Қытай Халық Республикасымен – 1783 км, Қырғыз Республикасымен – 1242 км, Түркіменстан Республикасымен – 459 км құрайды.

Жер ресурстарын ұтымды пайдалану ауыл шаруашылығы экономикасында және жалпы елімізде елеулі маңызға ие. Ауыл шаруашылығында өнім алу жердің сапалы күйіне, оны пайдалану сипаты мен жағдайына байланысты.

Соңғы бес жылда (2006 – 2012 жылдар) ауыл шаруашылығында пайдаланатын жерлер алаңы 11,5 млн. га артты және қазіргі уақытта 93,4 млн. га жетті, оның ішінде 24,2 млн. га егістік жер, оның 1,4 млн. га суармалы егістік, көп жылдық екпелер – 70,4 млн. га, тыңайған жерлер – 2,6 млн. га, шабындық – 2 млн. га, жайылым – 61,1 млн. га, ауыл шаруашылығында пайдаланылмайтын алқаптар – 3,3 млн. га.

Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу үрдісін автоматтандыру мақсатында республикада мемлекеттік жер кадастрының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МЖК ААЖ) құрылған. МЖК ААЖ деректер қорын қалыптастыру үш республикалық, облыстық және аудандық басқару деңгейлерінде жүзеге асырылады.

МЖК ААЖ құру жобасын іске асыру нәтижесі МЖК деректерін облыстық орталықтардан республикалыққа күн сайын беру және осы деректерді барлық

мүдделі мемлекеттік органдарға, мекемелерге, жеке және заңды тұлғаларға беріп
о т ы р у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазіргі уақытта МЖК ААЖ республикалық деректер базасында қолданыстағы жер құқықтық қатынастар бойынша 4,4 млн. астам және күші жойылғандар бойынша 1,9 млн. астам (тарихи мәліметтер) мәліметтер бар. МЖК ААЖ республикалық базасынан «электрондық үкімет» ақпараттық жүйелері мен мемлекеттік деректер базаларына орталықтандырылған ақпарат беру тетігі іске асырылды, оның ішінде Салық комитетінің «Салық төлеушілердің және салық салу объектілерінің тізілімі» ақпараттық жүйесіне 4,4 млн. мәлімет берілді.

МЖК ААЖ республикалық деректер базасына www.aisgzk.kz интернет-сайты арқылы мемлекеттік органдар мен мекемелердің 610 пайдаланушысының кіруіне
б о л а д ы .

МЖК ААЖ деректері жалпы мемлекеттік ақпараттық ресурс болып табылады және мемлекеттік қызметтер көрсету, бизнес үдерістерді оңтайландыру және автоматтандыру кезіндегі «электронды үкіметтің» құрамдас бөлігі ретінде қажет. 2013 – 2016 жылдары жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жер учаскелеріне құқық ресімдеу жөніндегі мемлекеттік қызметті электронды түрде іске асыру жоспарланып отыр.

Республика экономикасының, қорғанысының көптеген салаларында жергілікті жер туралы ақпарат маңызды құрамдас бөлік болып табылады, осыған байланысты сапалы геодезиялық және картографиялық өнімдерге, көрсетілетін қызметке сұраныстың ұлғаюы байқалады, көбінесе бұл өнімдер заңгерлік құжат болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының деректері бойынша басқарушылық шешімдерді қабылдауды қолдау жүйелерінде кеңістіктік ақпарат үлесі осы жүйелердегі жалпы ақпарат көлемінен 80 %-ға дейін құрайды.

Қазақстан Республикасы аумағының топографиялық қамтамасыз етілу жағдайы алаңдаушылық туғызады, карталардың 80 %-ы қазіргі заманғы жергілікті жердің жағдайына және топонимикаға сәйкес келмейді. Мемлекеттік топографиялық карталар жаңартылғанға қарағанда тез «ескіреді», бұл экономикадағы айтарлықтай шығындарға, ал әскери іс-қимыл және төтенше жағдай аудандарында орны толмас шығындарға да әкелуі мүмкін.

Бюджеттік қаржыландыру ұлғайғаннан бастап республиканың жалпы алаңының 27 %-ының аэротүсірілімі орындалды, мемлекеттік геодезиялық желі пункттерінің жалпы санының 20 %-ы зерттелді, нивелирлеу желісінің жалпы ұзақтығының 10 %-ы нивелирленді, барлық масштабтық қатардағы мемлекеттік топографиялық карталар мен жоспарлардың жалпы парақ санының 18 %-ы жаңартылды.

2) Негізгі проблемаларды талдау
Қазақстан Республикасының Жер кодексін іске асырудың негізгі

перспективалары туралы объективті және шынайы ақпаратқа экономикалық процеске қатысушылардың қызығушылығы айтарлықтай артып келеді. Осыған байланысты, МЖК қалыптастыратын барлық мәліметтерге кешенді талдау жүргізген жөн. Қазіргі кезде компьютерлік технологияларды қолданбай жер кадастрын тиімді жүргізу мүмкін емес. Осы мақсатта МЖК ААЖ құру мен дамыту мемлекеттің, еліміздің экономика салаларының және халқының мүдделерін жер (жылжымайтын мүлік) туралы ақпаратпен қамтамасыз ететін, жер учаскелерінің иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарын қорғайтын, сондай-ақ жер және жылжымайтын мүлік нарығының қызмет етуіне қолдау көрсететін ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыруға бағытталған. Қазіргі уақытта мемлекеттік жер кадастрының есептік және бағалау бөлігін сүйемелдеуді қамтамасыз ететін барлық деңгейдегі жер-ақпараттық деректер банкі бар МЖК ААЖ құру аяқталды (2012 жылғы 28 қарашада жүйе өнеркәсіптік пайдалануға берілді). «Электрондық үкімет» шеңберінде Комитеттің ақпараттық жүйесін одан әрі жетілдіру және жаңғырту үшін МЖК ААЖ пайдалану үшін телекоммуникациялық қызметтерді, лицензиялық бағдарламалық өнімдерді техникалық қолдауды және МЖК ААЖ әзірленген кіші жүйелерін МЖК АЖЖ оқшаулы-есептеу жүйелері мен деректер базаларын сүйемелдеуді қоса алғанда, МЖК ААЖ жүйелік және техникалық қызмет көрсету жөніндегі іс-шараларды і с к е а с ы р у қ а ж е т .

Геодезия және картография саласында жағымды алғышарттар белгіленді, сонымен бірге басты шешілмеген мәселелерге мыналарды жатқызуға болады:

картографиялауға негіз болып табылатын мемлекеттік геодезиялық желі ішінара жоғалған және қорытындысында оған қойылатын талаптарға толық ш а м а д а с ә й к е с к е л м е й д і ;

Қазақстан Республикасы аумағының топографиялық және картографиялық қамтамасыз етілу жағдайы ерекше алаңдаушылық туғызады, карталардың заманға сай келу деңгейі 10 – 20 жылды құрайды;

Қазақстанның барлығы сейсмобелсенді аумағының және Каспий маңы өңірінің дәлдігі жоғары геодезиялық өлшемдермен толық қамтылмауы;

жас мамандардың тиісті ағынының болмауы, мамандарды даярлау және қайта даярлау сапасы техника мен технологияның заманауи талаптарына сәйкес к е л м е й д і ;

пайдалану мемлекет пен тұтынушыларға зиянын келтіруі мүмкін жалған геодезиялық және картографиялық өнімдерден нарықты қорғау.

3) Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р .

Жер ресурстарын басқару саласындағы нысаналы индикаторларға қол жеткізуге негізінен құзіретіне жалпы алғанда жер қатынастарын реттеу жататын

жергілікті атқарушы органдардың және жерге орналастыру қызметін жүзеге асыратын тұлғалардың қызмет деңгейі әсер етеді.

Жер учаскесіне меншік құқығының және жер пайдалану құқығының пайда болуының, өзгеруінің және тоқтатылуының негіздерін, жағдайларын және шектерін белгілеу, жерлерді ұтымды пайдалану және қорғау, топырақтың құнарлылығын арттыру, табиғи ортаны сақтау және жақсарту мақсатында жер қатынастарын реттеу, жылжымайтын мүлік нарығын құру және дамыту, жер қатынастары саласында заңдылықты нығайту жер заңнамасының негізгі бағыттары болып табылады, олар жерге орналастыру қызметінің негізінде іске асырылады.

Жер заңнамасына сәйкес жерге орналастыруды Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары жүзеге асырады.

Нақты жерге орналастыру жұмыстарының сапасы мемлекеттік жер кадастрын жүргізуге, жер ресурстарының сандық және сапалық күйі туралы мәліметтер қалыптастыруға, ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін арттыруға, оны автоматтандырылған технологияларға көшіруге, жер нарығының жұмыс істеуі және салық салу мақсатында жерлерді бағалауға, жер ресурстарын зерделеуге, топырақты сақтау және қалпына келтіру бойынша іс-шараларды іске асыру есебінен жерлердің сапалық күйін жақсарту жобаларын әзірлеуге және жалпы егуге жарайтын және пайдаланылмайтын жерлердің алаңдарын шаруашылық айналымға тартуға тікелей әсер етеді.

Мемлекеттік органдар мен мекемелердің, азаматтардың артып келе жатқан қызығушылығын ескере отырып, жерге орналастыру жұмыстарын мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді қамтамасыз ету жағына қарай ауыстыру меншіктің барлық нысанындағы жер учаскелерін мемлекеттік кадастр есебіне қою бойынша негізгі жұмыс түрлерін іске асыру, кадастрлық есеп объектілері туралы деректер базасын – Жерлердің бірыңғай мемлекеттік тізілімін құру; басқа да ақпараттық жүйелер мен мемлекеттік деректер базаларымен электронды мәлімет алмасу жүйесін құру; мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған жүйесі арқылы мүдделі мемлекеттік органдарға, мекемелер мен халыққа кадастр ақпараттарын ұсыну үшін жағдай жасайды.

І ш к і ф а к т о р л а р

Жер ресурстарының сапалық және сандық күйі топырақтық, геоботаникалық жұмыстар, топырақты бағалау, жерлердің мониторингі бойынша жұмыстардың және т.б. негізінде айқындалады.

Аталған жұмыстарды жүзеге асыруды негізінен жер кадастрын жүргізетін мамандандырылған кәсіпорындар жүргізеді және олар мемлекеттік жер кадастры жүйесінің негізін құрайды және оны жүргізуді қамтамасыз етеді.

Зерттеулердің жоспарланған көлеміне қол жеткізу бекітілген мезгілдік

қаралудың мерзімін сақтауға және республиканың халық шаруашылығы қажеттілігін сапалы өнімдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жер кадастрын тиімді жүргізуге қазіргі кезеңде мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді кешенді автоматтандыру үрдісін және жер ресурстарын басқаруды, жеке және заңды тұлғаларға жер-кадастр қызметтерін ұсынуды автоматтандыруды, сондай-ақ «Электрондық үкімет» шеңберінде халыққа көрсетілетін электронды қызметтерді одан әрі дамытуды қамтамасыз ететін жаңа компьютерлік техника мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әсер етеді.

«Электрондық үкімет» шеңберінде ақпараттық жүйені одан әрі жетілдіру және жаңғырту үшін МЖК ААЖ пайдалану үшін телекоммуникациялық қызметтерді, лицензиялық бағдарламалық өнімдерді техникалық қолдауды және МЖК ААЖ әзірленген кіші жүйелерін МЖК АЖЖ оқшаулы-есептеу жүйелері мен деректер базаларын сүйемелдеуді қоса алғанда, МЖК ААЖ жүйелік және техникалық қызмет көрсету жөніндегі іс-шараларды іске асыру қажет.

Геодезия және картография саласының техникалық, технологиялық және бағдарламалық қамтамасыз етілу деңгейі, сондай-ақ оның ғылыми-техникалық базасының болмауы саланы одан әрі дамытуға теріс әсер ететін фактор болып табылады.

3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

3.1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

Ескерту. 3.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.05.2014 № 576 қаулысымен.

1-стратегиялық бағыт. Өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамыту және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау

1.1-мақсат. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының өсуін қамтамасыз ету

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 011, 015, 017, 018, 040

Нысаналы индикатор (қол жеткізудің түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсетумен)	Ақпарат көзі	өлшем бірлігі	оның ішінде аралық мәнді көрсетумен							2 ж
			есепті кезеңде		жоспарлы кезеңде					
			2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

1. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша өңірлер арасындағы айырмашылықтың төмендеуі	статистикалық деректер	есе	11	8,5	8,4	8,3	8,2	8,1	8
2. Агломерациялар халқының санын ұлғайту	статистикалық деректер	адам	-	5775,9	5919,3	6131,3	6279	6433,4	6
3. Жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудегі қызметі тиімділігінің орташа арифметикалық көрсеткішінен айырмашылықты 7 баллға дейін төмендету	жыл сайынғы бағалау нәтижелері	ЖАО саны	9	9	10	11	12	13	1
4. Қазақстанның ДЭФ ЖБИ рейтингінде «Қабылданатын шешімдердің ашықтығы» көрсеткіші бойынша позициясы	ДЭФ-тің ЖБИ есебі	орын	53	32	29	28	27	26	2
